**Бестамақ орта мектебінің Қамқоршылық кеңес отырысының**
**Хаттамасынан көшірме**

**Бестамақ ауылы** **№6** **29.03.2024ж**

**Қатысқандар: 9**

**Күн тәртібінде:**

1. Білім алушылардың ішкі тәртіп Ережесінің сақтауы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы)
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы
3. Үйірмелердің жүргізілуі

**Тыңдалды:**

Алғашқы сөз алған мектеп директоры А.Истегулова қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша мектепте қатаң құқықбұзушылық тіркелмегендігін айтып, мектеп әкімшілігі инспектормен бірлесіп рейдтер жүргізіп, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарды жиі тексеріп отырады, тексеріс барысында оқушылардан смартфондар табылып, ата –аналарына хабарланып, ескерту жасалып, тиісті шаралар жасалғандығын жеткізді.

Кеңес мүшесі С.Қолғанатов қазіргі кездегі су тасқыны туралы айтып, оқушыларды сай жағалауларына бармауын қадағалау керектігін айтып, балық аулау т.б деген заттарға қатаң тыйым салуымыз керек, қате аяқ астынан болатыны, сондықтан абай болайық деп мектеп әкімшігіне осы мәселені басты назарға алуын сұрады.

Екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ғ.Аягүл 2023-2024 оқу жылы бойынша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» есебінен ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар саны бүгінгі таңда - 78. Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттары талапқа сай жинақтаулы. Мектеп асханасы қыркүйек айының 4- нен бастап ыстық тамақ дайындап, тізім бойынша бекітілген оқушылар қамтамассыз етіліп отыр. Биылғы жаңа оқу жылының жаңалығы - мектептегі 1-4 класс оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамассыз етілді. Мектеп асханасын жалға алушы кәсіпкер асханадан оқушылардың ыстық тамақ ішуіне барлық жағдай жасап, асхана талапқа сай жабдықталды, тазалық жұмыстары жүргізіліп отырады. Аспазшылар уақытылы медициналық тексеруден өткен, күнделікті асхана формалары таза, үтіктелген. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» есебінен ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың саны ай сайын өзгереді. Дегенмен оқу жылының басында тізімге енген оқушылар оқу жылының соңына дейін ыстық тамақпен қамтылады. Тамақтану кестесі, ас мәзірі, асхана кезекшілігінің тізімі талапқа сай тақтада жазылып ілінген . Бала саны - 715. 1-4 кл -45, оның үшеуі үйден оқитын, қалған 314 оқушы тамақ ішеді. 5-11 кл - 33, 1-4 кл - 45, барлығы 78 оқушы категория бойынша тамақ ішеді. Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімі халыққа қызмет көрсету орталығында жүзеге асырылып, ұлттық білім беру деректер қоры есебінде тіркелді. Оқушыларға арналған ауыз су, қол жуатын орын, қол кептіргіш құрылғылары бар.

Осы мәселе бойынша Бескоспа орта мектебінің директоры Нұрлан Кеңесұлы сөз алды. Бастауыш сыныпта 35 оқушы бар, оның біреуі үйден оқитын оқушы, бастауыш сыныпта 34 бала қамтылған. 6 класта 1 бала асп алады. Бастауыш сыныптағы оқушының 4 оқушы асп алады. 30 бала 1-4 кластары бойынша тамақтанады. 5 бала асп алады. барлығы 35 оқушы.

Scanned with ACE Scanner

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Дощанова: 2023 – 2024 оқу жылынан бастап мектепте жеті үйірме және бес спорттық секция жұмыс жасайды. Олар:

«Сазды әуен» үйірмесі, жетекшісі: К.Булекбаева;
«Робототехника» үйірмесі, жетекшісі: С.Аязбаев;
«Еркін сөз» үйірмесі, жетекшісі: Р. Дүйсенбаева ;
«Шебер қолдар» үйірмесі, жетекшісі: Ж. Есендиярова;
«СТЭМ» үйірмесі, жетекшісі: А.Куртекова;
«Шахмат» үйірмесі, жетекшісі: Г.Балмағамбетова;
«Арт Стафф» үйірмесі, жетекшісі Э.Сулейменова;
«Волейбол» секциясы, жетекшісі: Н.Жолдыбай;
«Баскетбол» секциясы, жетекшісі: Б.Абдуллаев;
«Жеңіл атлетика» секциясы, жетекшісі: А.Аминов;
«Футбол» секциясы, жетекшісі: А.Лұқбанов;
«Үстел тенисі» секциясы, жетекшісі: Ж.Сеитов. Бұл үйірмелер мен секциялардың жаңа оқу жылына бағдарламалары жасалып, бекітілді. Қатысатын оқушылар саны анықталды. Секция, үйірмелердің күнделікті сабақ кестесі бойынша өткізіліп, оқушылар бос уақыттарын тиімді пайдаланады.

Бұл секция, үйірмелерге мектептегі ішкі есепте тұрған, дін жолын ұстанатын отбасы оқушылары да қатыстырылады. Үйірмелердің, секциялардың өткізілу барысын тексерген уақытта үйірмелер уақытылы өтетіндігі анықталды. Бірақ оқушылардың қатысымын қадағалау ескертілді. Оқушылардың үйірмеге қатыса жүріп өз өнерлерін шыңдап, жетістіктерге жетіп жүргендігі көрінді. Жалпы мектептегі тәрбиелік шаралардың барлығы мектептегі үйірме мүшелерінің қатысуымен өткізіледі. Ән айту, домбыра тарту мәнері, сахна мәдениеті барлығына оқушы осы үйірмелерге қатыса жүріп, шыңдалады.

Спорт секциясының жүргізілуі де талапқа сай. Оқушылар бұл секцияға қызығушылықпен қатысады. Бұл секцияға мектептің жоғары класс оқушылары жас ерекшелігіне байланысты қатысады.

Жалпы секция, үйірмелердің жұмысы бойынша оқушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық жетістіктері бар. Оқушылар үшін үйірмелердің, секциялардың пайдасы зор.

Үйірмелер мен секцияларды тексеру барысында айтарлықтай ескерту болған жоқ. Барлық үйірмелердің жұмыс жүргізуі талапқа сай. Мектеп бойынша оқушылардың 76 пайызы үйірме, секциялармен қамтылған.

Бесқоспа орта мектебінде үйірме жоқ.

**Қаулы:**

1. Оқушылардың тәртібі басты назарда болып, ата -анамен жұмыс қарқынды жүрсін.
2. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы «қанағаттанарлық» деп саналсын.
3. Үйірмелердің жұмысы жүйелі жүргізіліп, мектепішілік жарыстар көптеп өткізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Султанов
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Г.Дощанова

Scanned with ACE Scanner